





ҒҰЛАМА ҒҰМЫР.


LIFE OF OUTSTANDING SCIENTISTS

Білікті адамның өзі өлсе де, аты өлмейді.

A. Йүгінеки

*Even if a wise man dies, his name will remain
immortal forever.*

A. Iugineki



**Халел Досмұхамедұлының туғанына
130 жыл**

-

Khalel Dosmuhameduly – 130 years





КӨРНЕКТІ ТҮРКІТАНУШЫ



Екі ғасыр тоғысында, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Алаш жұртында «Қазақ оқығандары» атты жаңа әлеуметтік топ пайда болды. Олар қоғамдық-саяси істерге белсене араласып, ұлттық қозғалыс құрып, партия ұйымдастыруға ұмтылды, газет-журнал шығарып, елшілдік ұранды әдебиеттер таратты. Осы бір кезең туралы кейіннен Мұхтар Әуезов: «Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады. ...Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік», – деп тебірене жазады [1]. Соқпағы соны, жолы ақ ұлы көштің бастаушылары арасынан Ә.Бөкейхан мен Ж.Досмұхамедұлындай кәсіби саясаткерлер, Шәкәрім, Міржақып, Ғ.Қараш, С.Торайғыровтай ақындар және көптеген дәрігер, заңгер, экономист, теміржолшы, сауда-саттық мамандары, алғашқы төл оқулық авторлары, педагог-ғалымдар мен журналистер тасқа біткен шынардай жарқырап шықты. Тыңға түрен салған тұңғыш ғалымдар деген тұста, екі адамның аты-жөні қашанда көкейде жаңғырып тұрады. Бірі – ұлттың ұлы ұстазы һәм рухани көсемі, ғұлама тілші-ғалым, күллі

қазақ қоғамдық ғылымдарының бастауында тұрған түркітанушы (қазақтанушы) Ахмет Байтұрсынұлы болса, екіншісі – жаратылыстанудың сан саласынан қазақ тілінде тұңғыш оқулықтар жазған оқымысты дәрігер, энциклопедист ғалым Халел Досмұхамедұлы.

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы сәуірдің соңғы күндері қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында дүниеге келген. Ғұмырбаянының үзілуіне келсек, 1938 жылдың 26 шілдесі күні Ресейдің Воронеж қаласында үй-ішімен кесімді мерзімін өтеп, айдауда жүрген жерінде НКВД қамауға алады. Одан Мәскеудің «даңқты» Бутыркасына, кейінірек Алматының тастүрмесіне жеткізіліп, осында ажал табады (бір құжатта: «1939 жылы 24 сәуірде әскери трибунал атуға үкім шығарылды» десе, ал екіншісінде: «1939 жылы тамыздың 19-ында түрме ауруханасында өкпе ауруынан қайтыс болды делінген»).

Ауыл молдасынан хат таныған бала Халел 1894 жылы 11 жасында Орал қаласындағы әскери реальді училищенің дайындық класына қабылданып, зеректігімен көзге түсіп, 1902 жылы

оның негізгі бөлімінің толық курсын үздік аттестатпен бітіреді. Бұдан соң осы жылдың тамызынан 1903 жылдың 5 маусымына дейін қосымша сыныпта оқып, барлық сабақтан емтиханды «5»-ке тапсырып, 7-сыныпты үздік бітірді деген куәлік алып шығады. Осылайша Халел одан әрі кез келген жоғары арнаулы училищеге емтихансыз, ауызша тілдесіп-тексеру арқылы түсуге құқылы болатын.

Қырдан, Қызылқоға құмынан алыстағы Орал шаһарына келген, ормандай орыстың ортасында қазақ балаларына бөлінген барлы-жоқты 10 орынның бірін иеленіп және оны үлгілі тәртібі мен сабақ үлгерімі жағынан тек «өте жақсы» деген бағаға бітірген науша бозбаланың алдында сан түрлі таңдау жолы тұрды. Әрине, жанды жері – отбасы жағдайы-тұғын. Бір үйде шиеттей он бала болды. Әкесі де, аға-інілері де сол кезде қаймана қазақты қынадай қырған, тіптен бүгінде де Қазақстанның батыс аймағында зардабы толық жойылмай отырған «көкірек ауруынан» (ел аузында «көксау» да делінеді) – туберкулезден ада емес еді. Біздіңше, Халел ағамыздың басына тауқымет тілеп, дәрігерлік мамандықты таңдауының басты себебі – сол кездегі елдегі санитарлық-фельдшерлік жағдайдың мүшкілдігі, көкөрім қыршын жастарды баудай түсірген оба, сүзек, шешек, көкірек ауруларының ушығып, бас бермей тұрған кезі еді. Міне, осылайша қазақтың алғашқы оқығандарының бірі, кез келген ғылым саласына салса, шыңына бір-ақ шығарлық дарыны бар дара талант иесі, Алаштың бағына біткен болашақ ағартушы-ғалым һәм философ-гуманист, қоғам қайраткері Х.Досмұхамедұлы мамандықтардың мамандығы, кәсіптің кәсібі – дәрігерлікті таңдайды. Және ықыласы анау-мынау орта қол оқу орны емес, Санкт-Петербурктегі Императорлық Әскери-медициналық академияға ауады.

XX ғасыр басындағы Ресей патшалығындағы медициналық оқу орындарының тарихы, оны бітірген алғашқы қазақ дәрігерлерінің тағдыр-талайы туралы бұл орайда кеңінен сөз етуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан біз ауыл баласының ит арқасы қиянға – патшалықтың солтүстіктегі алып шаһары астана Петерборға аттанғанын ғана айтпақпыз. Өз біліміне сенімді Халелдің алдынан күтпеген қиындық туындайды. Академия талабы бойынша сабақтар арасында баяғыда сүйегі құрап қалған «өлі» латын тілінде емтихан тапсыратын. Сірә, Халекең репетитор жалдап, тез арада ол пәннің де құрылым-табиғатын түсініп алса керек. Осылайша ол Оралда жинап-терген білімінің қызу-жалынын жоғалтпай,

сол жылы-ақ Академияның босағасын аттап, студенті атанады.

1903-1909 жылдары Академия қабырғасында студенттік жылдарын өткізген Халел тек адамның тән жарасына шипа іздейтін дәрігер болып қана қоймай, өз замандастары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы сынды халқының жан дертіне үңілген қайраткер, ескінің көзі, жаңаның басы бола білді. Және сол Алаштың бас көсемі Әлихан Бөкейхан айтқан бір сөзі бар: «Ұлтшыл болу, халқын сүю – білімнен емес, мінезден». Аты аталған Арыстар – араға көп уақыт салмай білімді, білікті ағартушы-ғалым болуымен бірге, азаттық туын көтерген саяси көшбасшылар, «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің негізін қалаған, ісін болашаққа жеткізген серкелеріне де айналды.

Біздің айтпағымыз Петербордағы жеті жыл білім нәрін жинау кезеңі оның басынан өткерген бақытты, сәулелі жылдары еді. Небәрі 55-56 жыл өмір сүрген Х.Досмұхамедұлының қысқа да мәнді ғұмырбаянын (тәржіме халін) төрт кезеңге бөліп қарастырамыз:

1. Тұлғалану жылдары (дүрбелең 1916 жылдарға дейін).
2. Ат үстінде өткен, күрес жылдары (1916-1920).
3. Ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен айналысқан жылдары (1921-1928).
4. Қуғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929-1939).

Х.Досмұхамедұлының заманнан озып туған өресі биік әрі толық жиналып бітпеген мол мұра-қазынасы екі қолдың он саусағын бүксең жетер-жетпес азғана жылды қамтитын осы үшінші кезеңде Ташкент қаласында, кейбірі Алматыда дүниеге келген болатын. Ал тірнектеп материал жинау, түрлі ғылым саласындағы теориялық қағидаттарды меңгеріп, талдау, ғылымның сан саласы бойынша білімін жетілдіруді ол осы Петерборда оқыған студент жылдары қолға алғаны сөзсіз.

Алаштың көсемдері санатында, айрықша білімдар ретінде теміржолшы-инженер Мұхамеджан Тынышбайұлының да атын атап кеттік. Өз соңына қазақ тарихы мен шежіресі туралы классикалық зерттеулер жазып қалдырған ғалымның ғұмырнамасы Халекеңмен тағдырлас, егіздің сыңарындай ұқсас: ол да осы жылдары Петерборда, Императорлық Жол қатынастары институтында оқыды, қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз атылды. Бірі

– дәрігер, екіншісі – инженер бола тұра, оларды ұқсастыратын басты ерекшелік – астаналық білім берудің шындалған әмбебаптық дәстүрі, өздерінің оқу-білімге деген ерекше құштарлығы. Ол кезде атақты ғалым-ұстаздар талапты жастарды жеке-дара баулып, қанаттандырып отырған, ғылымға бейім, білмекке құмар студенттердің өз бетімен ізденуіне, өзге де жоғары оқу орындарында дәріс оқитын ғұламалардың алдын көруіне мүмкіндік жасалған. Міне, осылайша Нобель сыйлығының иегері, әлемге мәшһүр академик И.П.Павловтың шәкірті Халел зейінді де зерделі Мұхамеджанмен бірге В.В.Бартольд, В.В.Радлов, Бодуэн де Куртене сияқты атақ-даңқы айшылық жерге жайылған бірегей ғұламалардың дәрісін тыңдады, қырағы көздеріне шалынды. Астанадағы инемен құдық қазған жылдары білікті маман болуларымен қатар ресейлік және әлемдік ғылымдағы жаңашыл техникалық табыстармен, адамзат пен қоғам дамуының тың теория-тұжырымдарымен таныс болды. Түрлі ашық лекциялар мен диспуттарда әлі оқулыққа енбеген ілім-қағидағтарды талдады, олардың авторларымен көрісіп, тілдесті.

Осы орайда, энциклопедист Халелдің көп тіл білген полиглот екенін де айта кеткен орынды. Оның жеті жұрттың тілін меңгеруге күш салғаны, оған мұрша-мүмкіндігі болғаны да осы Петерборда оқыған кезі еді. Ол, алдымен, ана тілін сүйді, қадірледі. «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел, ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші. ... Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт», – дейді ғалым-дәрігер [2, 49]. Ал оның мына бір тарихи жазбасы тура бүгінгінің жастарына арналғандай әсерге қалдырады: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Ана тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру зор қате. Бұл – оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпау керек» [3, 3]. Ана тілінің асқан білгірі Х.Досмұхамедұлы орыс тілін жастайынан, әскери училище қабырғасындақ жан-жақты меңгеріп алды. Неміс тіліне оның өте жетіктігін, мамандығы бойынша тілші, өзі де бірнеше тіл меңгерген филология ғылымдарының кандидаты Қарашаш Халелқызы қашанда айтып отыратын. Халекең проф. Ю.Вагнердің танымдық кітаптарын қазақ тіліне аударды. Ал үш томдық «Жануарлар» кітабын жазу тәжірибесі туралы өзі былай дейді: «Жануарлар» көбінесе орыстың Алуев деген профессорының және немістің атақты Брем деген

білгішінің кітаптарына қарап жазылды» [4, 265]. Реальді училищеде неміс және француз тілдерінен үнемі жақсы баға алғаны, ал Академия қабырғасында латын тілін оқып-үйренгені мәлім. Латын тілі туралы ғұламаның мына бір ойлары бүгінде де өз мәнін жоғалтқан жоқ: «Осы заманғы ғылым – Еуропа ғылымы, барлық Еуропа ғылымында қолданылатын тіл – латын тілі. Сондықтан латын тілі жұртқа ортақ ғылым тілі болып саналады. Ғылым атауын латынша айтса, француз да, неміс те, жапон да, ағылшын да түсінеді. Латын тілі, латын сөзі бізге жат болса да, қашуға болмайды. Бұл заманда ғылым іздеп, қатарға кірем деген халық латын сөздерінен қаша алмайды» [4, 264]. Сондай-ақ білімпаздың көне түркі мен ортаазиялық шағатай тілі, араб және парсы тілдері жүйесімен таныстығына, одан бір адамдай хабардар болғандығына, оның бізге жетіп отырған мол мұрасы куәгер.

Сонымен Х.Досмұхамедұлы 1909 жылдың күзінде Академияны «аса үздік» бағамен бітіріп шығып, қолына дипломын алады (Кейбір дереккөздерде оған Академияны бітірерде алтын медаль да қоса тапсырылды делінеді. Әдетте императорлық оқу орындарын үздік бітірушілерге аты-жөні мен тегінің бас әріптері ойылып жазылған жеке-дара, «именной» медаль қоса тапсырылған. Мәселен, белгілі қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаевтың алтын медалі сақталған).

Біз енді ғұламаның аттан түспей, Алаштың көсемі болған күрес жылдары мен айдаудағы азапты айларын аттап өтіп, оның ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен шыңдап айналысуға мүмкіндігі туған «Ташкент кезеңіне» және осы 1921-1928 жылдары атқарған ұлан-ғайыр тындырымды істеріне ғана тоқталмақпыз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушы, баспагер-редактор. 1920 жылдың соңына таман Х.Досмұхамедұлы көптеген «алашшыл» қазақ оқығандары қатарында Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы Ташкент қаласына келеді. Осы жылы тамыздың 21-і күні Түрк республикасының Халық ағарту комиссариаты жанынан туыстас түркі халықтарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін арнайы Білім комиссиясы құрылады. Ол, алдымен, осы комиссияның мүшесі (төрағасы – И.Тоқтыбайұлы), кешікпей төрағасы (1921-23) болады. Оның органы есепті «Сана» журналын шығарады, «Талап» атты әдеби-мәдени бірлестік ұйымдастырады. 1923 жылдың қыркүйегінде Түрк республикасы Халық ағар-



ту комиссариаты жанындағы Мемлекеттік Ғылыми кеңестің төрағасы. 1923 жылы сәуірде ТуркЦИК пен ТуркСовнаркомның арнайы тапсырмасы бойынша Жетісу облысын кешенді зерттеген ғылыми экспедицияға қатысады. 1924 жылдың 15 қаңтарында Ресей Ғылым академиясы жанындағы Орталық Өлкетану бюросының мүше-корреспонденті болып сайланады, оның сессияларына шақырылады. Осы жылдың маусымында Түркістандағы ғылым саласын ұйымдастырушы ретінде Орынборда тұңғыш өткен Қазақ білімпаздарының съезіне арнайы қатысады. 1924-1925 жылдары Қазақ ғылым-баспа комиссиясы төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Осы жылдардағы архив деректеріндегі Х.Досмұхамедұлының өз қолымен жазылған ғылыми есептері [5] қазақ мектептері үшін алғашқы оқулықтардың жазылу тарихы мен баспа ісінің жолға қойылуы, жалпы Түркістан Республикасы мен Қазақ өлкесіндегі оқу-ағарту мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жай-күйі туралы көп мағлұмат береді.

Біздің айтпағымыз, осы жылдардағы Х.Досмұхамедұлының ұйымдастырушылық жұмысының арқасында кейін сан салаға жіктеліп өрістеген қазақ ғылымының іргетасы қаланды, ол ғылым-білімнің, оның ішінде түркітанудың (қазақтанудың) алғашқы дәнін себуші, көшетін көктетуші ретінде бағалануы қажет. Ғалым алдымен мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды. А.Байтұрсынұлының қазақ тіліне қатысты жазғандарын түгел жарыққа шығарумен бірге барша алашшыл зиялыларға сала-сала бойынша оқулық дайындауға тапсырмалар береді, оққылықтың орнын толтыру үшін өзі де қолына қалам алады. М.Дулатов «Есеп құралы мен әдебиеті» хрестоматиясын, И.Тоқтыбаев «Түркістан және жалпы географияны», Дисаленов «Физика мен арифметиканың» II бөлімін, Табынбаев «Педагогика мен психологияны», С.Қожанов «Есеп құралының» I бөлімін, Ғалымжанов «Математика бойынша есептер жинағын», Жәленов «Математиканың» II бөлімін, Оспанов «Қазақ тілінің сөздігін», М.Жұмабаев «Қазақ әдебиетінің теориясын» тездегіп жазып шығуы тиіс болды. Ал оларды жарыққа шығаруға қаржы көзін табу, қолжазбалардың сапасын көтеріп, редакциялау ісімен әрі басшы, әрі бірден-бір ғылыми қызметкер ретінде Х.Досмұхамедұлының өзі айналысты. Оқулық жазуды ғылым-білімнің алғашқы сатысы деп есептеген ғұлама жоспарлы түрде әр саланы, бірін-

ші кезекте қоғамдық ғылымдарды дамытуға күш салды. Әсіресе Ө.Диваевтың ел арасынан 35 жыл жинаған ауыз әдебиеті үлгілеріне ерекше назар аударып, экономикалық жағдайдың ауырлығына қарамай, оны сатып алуға қаржы тапты. Сырдария мен Жетісу облыстарына тұрақты түрде кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін түзуге мұрындық болды («Для всяких научных работ необходим прежде всего словарь слов, употреб. в живом киргиз. языке, а также хорошие рус.-киргиз. и кирг.-рус. словари...») [5]. Айналырған 3-4 адамның (Х.Досмұхамедов – төраға, мүшелері – Ө.Диваев, У.Танашев, Е.Омаров) атқарған қыруар жұмыстары мен көрген қиыншылықтарына Х.Досмұхамедұлының өз қолымен 21.11.1921 жылы жазған есебі куә: «Производить массу работ более мелкого характера: редактирование разных книг, ... корректирование печатаемых учебников и проч. ... Помещение холодное, нет дров. Нужны лампы, керосин... Не хватает стульев, столов, шкафов, вообще обстановки... Оплата научного труда низкая. Выдача вознаграждения за исполненную работу задерживается на многие месяцы, выдается после продолжительных мытарств. Работник получает свой заработок уже тогда, когда курс рубля упал низко... Сданные в Госиздат книги не получаются, т.к. еще не напечатаны...» [5].

1922 жылы да жағдай түзеле қоймайды: «Согласно новой экономической политике – приступила к сокращению штатов в Туркеспублике. Научная комиссия была сокращена самым безмилостным образом. В комиссии были оставлены председатель, член и учебный секретарь... Несмотря на такие неблагоприятные обстоятельства Комиссия работала не покладая рук. Главной своей целью в этом периоде Комиссия ставила создание учебников и пособий на киргизском языке, для школ I и II ступени... Второй ближайшей задачей Комиссии были разбор, опись и систематизация материалов по этнографии и киргизской народной литературе, купленных у Диваева и собранных в 1922 году особыми экспедициями в Сыр-Дарьинской и Джетысуской областях...» [5]. Бұл аталғандарды ағартушы-ғалымның мемлекеттік қызметтегі атқарған жанқиярлық істері деп бағаласак, оның сыртында ол осы жылдары қазақ тілінде – «Сана», орыс тілінде – «Наука и просвещение», өзбек тілінде – «Білім ошағы» журналдарын ұйымдастырды. 1923 жылы қазан айында Мәскеудегі Әдебиет институтының директоры Д.Я.Брюсовқа Мағжан ақын туралы «Буду-

щий наш Пушкин» деп хат жазып, жолдама берді. Осы жылы қоғамдық жұмысқа да уақыт тауып, қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы «Талап» атты қоғамдық бірлестік құрады. Құрылтайшы ретінде («шын мүше» делінеді) аты-жөні бірінші реттік санмен белгіленгендіктен және «басқарманың төбе-ағасы» болғандықтан, (басқарма мүшелері: проф. А.Э.Шмидт, И.Токтабайұлы, М.Есболұлы, М.Тынышбайұлы, М.Әуезұлы, Қ.Тыныстанұлы) бұл қоғамдық бірлестікті құру идеясы мен жауапкершілігі толықтай «Доктор Халел Досмұхаммедовқа» жүктелгенін сезуге болады [6]. Таратып айтуға орын тар болғандықтан, қысқаша ғана «Талаптың» «мақсұты әм істейтін істерін» санамалап өтпекпіз: «Қазақ-қырғыз халқының әдеби тілін, ғылыми атауларын (терминологие), емлесін әм басқа мәселелерді тексеру; ұлт өнерін (искусствосын) жүйелеу; қазақ-қырғыз халқының тарихын әм салтын тексеріп қарастыру; қазақ-қырғыз мектептерінде оқыту мәселесін реттеп, жөнге салу; қазақ-қырғыз халқының білім қызметкерлеріне әм өнер қайраткерлеріне жәрдем көрсету. Жоғарыда көрсетілген мәселелерді жүзеге шығару үшін, талқы (диспут), дәріс, баяндамалар жасауға; білімге керекті мағлұматтар жию үшін, оқушылардың білімін арттыру үшін керуендер (экспедитсие), қыдырыстар (экскурсия) түзеуге; көрмелер (выставка) ашуға, уақытша әм белгілі мезгілмен шығып тұратын баспа сөздер бастыруға; кітаптар, қолжазбалар, өнердің үлгілерін, ескіліктің тамтықтарын жинауға; білім, өнер жолында сіңген еңбектерді жарысқа, сынға салып, бәйге тігіп, жүлде беруге; қазақ-қырғыз халқын ағарту жолында керекті мамандар, шеберлер (спесиелистер) даярлау үшін курстар ашуға; қазақтың жауапты аудармашылар (тәржімешілер), хәріф түзушілер, уақытша әм белгілі мезгілімен шығып тұратын баспа сөздерге жазылушылар, басқа керекті қызметкерлер ұйымдарын ашуға; қауымның көздеген мақсұттарын жүзеге шығару үшін хүкімет мәхкемелерінен, әлеумет ұйымдарынан көмек қарастыруға қауым ерікті» [6].

Осы орайда «Х.Досмұхамедұлы – түркітанушы» деген тақырып аясында бұған дейін қазақ халқын заманында орыс тілінде «киргиз», «казак-киргиз» деп бұрмалап айтты деген инерциямен Халекен жиі қолданатын «қазақ-қырғыз» атауына арнайы көңіл бөлінбей келгендігін көрсете кеткіміз келеді. Түркістан Республикасының ұлттық құрамын ескере отырып және Қ.Тыныстанұлы, И.Арабаев сынды қырғыз ағартушыларының сол кезде Алаш

қайраткерлерімен қолтықтаса жұмыс істегендерін есте ұстасақ, Ташкентте 1920 жылдардың басында қызмет атқарған қазақ зиялыларының барша туыстас түркі халқының бірлігін ту көтеріп, қамын жегені (мәселен, Мағжанның жырлаған «Тұтас Түркістан» тақырыбын еске алыңыз) болашақта үңги зерттейтін мәселелердің бірі деп білеміз. Х.Досмұхамедұлы, С.Қожанов, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов сынды қайраткерлеріміздің барша түркі жұртын бірдей көріп, бір шаңырақ астына жинастыру саласындағы күрескерлік еңбектері, орталықтың сол жылдары тездетіп, ұлттық шекаралық межелеу саясатын жүзеге асыруы, әліпби ауыстыру науқанының қолға алынуы, бір сөзбен айтқанда, қайтадан патша заманынан келе жатқан «Бөлшекте де, билей бер» саясатының алға шығуы – күрмеулі, күрделі тақырып. Біз, осы орайда, түркітілдестер туыстығына тікелей қатысты, бүгінгі күні де өзекті бір шағын құжаттың мәтінін толық келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз [5]:

В Государственный Ученый Совет

Рассмотрев европейский (латинский) алфавит, введенный в Азербайджане, Кир. Научная Комиссия наша: 1) введение латинского алфавита и замену им арабского алфавита в принципе считать желательным, но немедленное введение, в особенности в административном порядке, вредном для дела культуры и целесообразном по политическим соображениям; 2) алфавит, принятый в Азербайджане, не совсем соответствует киргизскому языку, а потому требует переработки для применения к киргизскому (казакскому) языку. Киргизская (казакская) Научная Комиссия считает необходимым выработать алфавит применительно к звукам киргизского (казакского) языка. Когда исковой будет готов, о нем будет дана статья в журнале «Наука и Просвещение».

Киргизский (казахский) алфавит в настоящее время нужно считать установленным и более или менее соответствующим киргизским (казакским) звукам языка. Дальнейший этап усовершенствования киргизского (казакского) алфавита, по мнению Комиссии, должен состоять в следующем: 1) дальнейшее усовершенствование изменения арабских букв; 2) в замене 3-4 значков арабских одним начальным значком. Пробы эти в настоящее время делаются в Казани. Нам нужно это начинание поддержать.

Председатель Киргизской (Казакской) Научной Комиссии Х.Досмухамедов. 7 февраля 1923 г.

Тілші-ғалым, жаратылыстану ғылымдарының терминін түзуші. Әмбебаб ғалымның өте



қажеттіліктен туған «Табиғаттану» оқулығынан [7] басқа сүбелі еңбектері өз мамандығына тікелей қатысы бар, яки медицина-биология ілімі аясынан туындайтын шығармалар. «Адамның тән тірлігі» [8], денсаулық сақтау мен гигиена [9] және үш бөлімнен тұратын «Жануарлар» оқулығы [10] ол кезде Орталық Азияда жаңа құрылыс құрып жатқан халықтардың ешбірінің тілінде жазылмаған, жалпы Түркістандағы түркі ұлттары тілінде оқулықтар жазу ісі енді-енді қолға алына бастаған кез еді. Сол себепті де Түрк республикасындағы барша жұртшылық, олардың алғашқы оқығандары мен ұстаздар қауымы бұл оқулықтарды үлгі тұтып, тұтынды деуге толық құқымыз бар. Ана тілінде тұңғыш оқулықтар жазудың қиындығы туралы ғалымның өзі былай дейді: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің «Тіл – құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиын болды... Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе, сондықтан алғашқы жазылған кітаптарды әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан гөрі, ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру кереметірек дейміз» [11].

Х.Досмұхамедұлының биология мен зоология, медицина мен жаратылыстану саласындағы алғашқы оқулықтарының тілі, осы салалар бойынша оның қазақ терминологиясына қосқан үлесі әлі күнге арнайы зерттеу объектісі болған емес. Оған, бір жағынан, біздің де «кінәміз» бар. Өйткені кезінде Халекеннің мұрасын жинастырып, оны араб хәрпінен қазіргі жазу үлгісіне көшірген жылдары біз аталған оқулықтардың алғашқы 10-15 бетін ғана қайталап жариялаған болатынбыз [4]. Кезінде уақыт жетімсіздігі мен кітап көлемін белгілеген баспа талабына құлақ асқанымыздың үстіне, ол оқулықтар заманауилық тұрғыдан ескірді, мәнін жоғалтты деген ой-пікірде болғанымыз да жасырын емес. Әйтседе соңғы жылдары қазақ ғылыми терминологиясына ерекше сұраныс туған кезеңде ғалымның еңбектерін тұтастай оқып-көргісі келушілер, оның төл терминдік жүйесіне қызығушылар көбейді. Өкінішке орай, оны қазіргі жазу үлгісіне көшірем деп ешкім белсеніп суырылып шыға қоймады. Сондықтан ғалымның биология мен зоология, медицина мен жаратылыстану саласындағы ғылыми терминологиясын зерделеу, талқылап талдау ісі де түпнұсқалар айналысқа түспегендіктен тоқталып тұр.

Ал ағартушы-ғалымның қазақ ғылыми терминологиясына қосқан үлесін арнайы сөз етудің

әбден қажеттілігінің тағы бір басты себебі бар. Х.Досмұхамедұлы – білгір түркітанушы, тілші-ғалым. Сондықтан да оның термин түзушілік қызметін жай сала маманының ділгірлігінен ғана туған құбылыс деп емес, ерекше жауапкершілік жүктеген, тіл қамы мен қамытын қоса сүйреген лингвист еңбегі деп бағалаған орынды.

Х.Досмұхамедұлы – түркітанушы дегенде біз, алдымен, оның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы [12] мен «Диуани лұғат ит-түрк» мақаласын [13] ауызға аламыз. Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған мақала [4] (Библиографиялық көрсеткішті қараңыз) және әліпби ауыстыру мен термин (пән) атауларын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де [4] назардан тыс қалдыруға болмайды. Мамандығы дәрігер-ғалым, ең алдымен, қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, оның фонетикасы мен грамматикасын терең меңгеруімен таңғалдырады.

«Түрік тілі – жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ-қырғыз тілі – түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ-қырғыз сөздері де түбірін өзгертпей, аяғына қосылған жалғаумен өзгереді, – дейді де, бұл тілдік заңдылыққа анықтама береді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағанада» [12]. Оның өзге де түрік тілдерінің жүйе-құрылымымен таныстығына мына жолдар дәлел: «Сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Ыстамбұл түріктері, Қазан ноғайы, сарт-өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр» [12]. Одан әрі тілімізге ертеректе араб-парсыдан, орыс тілінен енген кірме сөздердің (Халекен «жат сөздер» дейді) үндестік заңына бағынғандығын дәлелдей келіп, «Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына, ең алдымен, оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш

келіп, ана тілін өзгеруге жол басшы болады», – деген оқшау ой тастайды. Ол ойын тілдің дамуымен, әдеби тілдің қалыптасуымен байланыстыра отырып, тілдік құбылыстарды дене құрылысымен салыстырып, тілші әрі дәрігер ретінде өзіндік пікірін білдіреді: «Оқығандар өзіне лайық әдебиет тілі деген тіл түзеді. Түзеген жаңа тілін ел ішінде жая бастайды, көбінесе зорлап кіргізеді»; «Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сінбейді»; «Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп... Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сінбей қалмайды»; «Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды. Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негізге алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады»; «Бір тілге кірген жат сөз – бейне адамның қарнына түскен тағам... Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз» [12].

Одан әрі ғалым түрлі-түрлі тілдердің жіктеліс, классификациясына тоқталады. «...Әр топтың бір-бірінен айырмасы түрік тілінің маңғұл иә фин тілінен айырмасындай», – деген полиглот-ғалымның пікірі оның өз дәуірінің барша ғылыми жаңалығымен таныстығын, әсіресе түркітанудың заманауи білім-біліктерін, ақпарат-мәліметтерін игергендігін танытады. «Сингармонизм заңы – жалғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы; тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы, – дейді ғұлама бұдан аттай бір ғасырдай уақыт бұрын. Орал-алтай тобы мынадай тілдерге бөлінеді: 1) фин тілі, мадиар-оңғар, фин (суами), есті, мордба, тағы талайлар; 2) самолет (қасуами); 3) түрік; 4) маңғұл (қалмақ, бурлат); 5) тоңғыз. Түріктің бұрынғы тарихы қытай, араб, парсы тілдерінде жазылған. Бұлар түрік-маңғұл сөздерін орасан өзгертіп жіберген». Кітапшаның соңында ғалым әрбір жастың ана тілінде сауат ашып, ұлттық білім алуының маңыздылығына ерекше назар аударады. «Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды... Әксент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмастай болып сөйлеу бұларға өте қиын болады»; «Орыс мектептеріне кіргендердің есі-дерті орыс тілін жақсы білу, орысша жақсы сөйлеу болатын еді. Орыс мектептеріндегі оқытулардың да бар тілегі жас өспірімге орыс тілін жақсы білдіріп,

орыс тілін ана тіліндей қылып жіберу еді», – деген ескертпесін 70 жыл білмей, бойымызға сіңірмей келгеніміз қандай өкінішті!?. «Біздің айтайын дегеніміз мынау: бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаңқырау керек», – деген ғалым ой-тұжырымы да [12] соңғы 20-25 жылда қайталап жарық көргенімен азат өмірдің ұранына айналмай, көп көбік сөзге көміліп қалғаны өкініш үстіне өкініш...

Ғалымның «Диуани лұғат ит-түрк» мақаласы да дәл осындай заманауи өзектілігімен, ғылыми тереңдігімен және тарихи-рухани мұраға деген үлкен жанашырлығымен ерекшеленеді. Түркияда А.Рифат әфәнді бастырған үш томдық М.Қашқари сөздігін жаһандық соғысқа байланысты алдырта алмағандығын, енді ғана қолына тигеніне риза бола отырып: «Түрік азаматтарының білімге, түрік ұлтының тілі мен әдебиетіне мынадай назар салғандықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр», – дейді ғалым [13]. Одан әрі: «Бірақ сондадағы бұл кітаптың басылуы өзінің жақсылығымен осы күнге дейін Түркияда басылған бұрынғы кітаптардан айырылып тұр. Қатасын түзетуге артықша назар салғандық, жете қарап бастырғандық, қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға ыждаһат қылғандық... Түркияда кітап басуға осындай артық назар салуды көріп, біздің қуанышымыз екі есе болып отыр», – деген жолдардан оның мұраға деген махаббаты-ыждағаты, баспагер-редакторлық тәжірибесінің молдығы сезіліп тұрады. Осы сын-рецензия есепті көрінетін, ал шындығында толымды зерттеу еңбегінде Х.Досмұхамедұлы түркі тілінің тарихын сөз ете отырып, өзін диапазоны кең тарихшы ғалым ретінде көрсетеді. Шағын шолуында біз оның Йусуф Хас Хажиб жазған «Құдатку білікпен» де жан-жақты таныстығын аңғарамыз. Сонымен бірге ол арабша «Түркі-моңғол-парсы тәржіманы» (Хоутсма һәм Мелиоранский нәшрі), Абу Хайан әл-Гарнатидің «Китаб әл-идрақы», Мысырдан табылған «Гүлстан» тәржімесі, «Құман нежесі – Кодекс Куманикус» сияқты түркологияның әлемдік жауһарларының тек атын емес, сын-сипаттарын да ерекшелеп атап, бүгінгі жоғарғы білімді филологтердің өзін таңғалдырады. Тіптен, ол осы мақаласында әл-Фараби есімін де ауызға алып (мүмкін қазақ баспасөзінде тұңғыш рет), кемел білімдарлығымен бізді айрықша қайран қалдырды: «Ислам дүниесінде иктисадий ғылымдарды Сырдария жағасынан барған бір түрік ғалымы (Фараби)



бастап жазған болса, Махмұт Қашқаридың да таза бір диуани (светский) ғалым, дүнияуи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қойды» [13]. Одан әрі 1923 жылы Тәшкенде жарық көріп, кейін тыйым салынған мақаламен танысқан жөн. 1970-1980 жылдары ҚазМУ-дің филология факультетінің аудиториясында отырып, профессор Б.Кенжебаев сынды жаңашыл ғалымның енді-енді жария бола бастаған тың да даулы ой-пікірлерімен танысқандай әсерде болады: «Түрік қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889 жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің фікірін алыстырған ескі түрік, Орхон «бітіктастары» қандай аһамиаты болса, Махмуд Қашқари кітабының да аһамиаты сондай. Махмуд Қашқаридің түрік қауымына, өз ұлтына мунасабаты Күлтегін, Білге хандардың мунасабатындай һәм түрік руларын, түрік тілін білуі, әсіресе білімі олардан артық болған».

Біз профессор Халел Досмұхамедұлының тілші, тіл тарихшысы ғана емес, сонымен бірге шежірелі тарихшы, болжампаз саясаткер, ойшыл философ, жалпы әмбебап қоғамтанушы ғалым болғандығын ғана атап өтіп, сөзімізді түйіндемеппіз. Ал аталған ғылым салалары бойынша жіктеп-жіліктеп тарқату, біртуар ғалымның феномен қырларын аша түсу болашақтың еншісі болмақ.

Әдебиеттанушы-фольклорист, махамбеттанушы. Х.Досмұхамедұлының рухани-мәдени өміріміздегі тағы бір шыңы, өшпес тарихи ізі – қазақ поэзиясының классигі, жыраудың соңы, ақынның басы Махамбеттің алдаспан жыр-толғауларын жинап, хаттап, арнайы кітап құрастырып, бүгінгі ұрпаққа мирас қылуы [14]. Өткенін қастерлеген халықтар үрдісіне ден қойсақ, ол осынау жалғыздара ерлік-еңбегімен – махамбеттанушы ретінде, оның бастау-көзінде тұруымен ғана өз-өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып, ұлттың ұлы көшті шежіресіне атын алтын әріппен жазып қалдырды. Алаш арыстарының атын атауға тыйым салынған кеңес кезінің өзінде махамбеттанушы әрбір ғалым-зерттеуші оның еңбегін айналып өте алмады. Академик Қажым Жұмалиевтен бастап, зерделі зерттеуші Қабиболла Сыдиықұлына дейін оның жазбаларына табан тіреді, аты-затын айта алмаса да Махамбет мұрасын жарыққа шығару мен зерттеуде оны Темірқазық тұтынды. Ол – тек махамбеттанушы ғана емес, қазақ әдебиеттануы мен фольклористикасында айрықша орны бар зерттеуші.

Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, Ығылман жырау, Абай, Мағжан, Бернияз шығармалары мен «Қарасай-Қази», «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай» жырлары туралы салиқалы пікір айтты, көпшілігін алғаш рет хатқа түсіріп, арнаулы редактор ретінде ықтияттап тасқа бастырды.

Халық ауыз әдебиетінің жидашысы сонымен бірге күні бүгінге дейін маңызын жоймаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты іргелі теориялық зерттеуін жазды [15]. Осы тұста ғалымның жан-жақтылығына, ғұламалығына, ой-тұжырымының өміршендігіне, заманалардан асыра айтылғандығына еріксіз таңданасыз. Ол сол кездің өзінде асыл қазына, фольклорлық мұраларды тек өлең-жыр, сөз өнерінің үлгісі деп ғана танымайды, ұлттың мәдени-рухани «паспорты» – тұрмыс-салт қалпы, наным-сенім айнасы, тәлім-тәрбие ұлағаты екендігін дәлелдейді. Сол себепті де ырым-тыйым, түс жору, жын шақыру, арбау-оқу, көшіру, үшкіру, дем салу, кітап ашу, бойтұмар, құмалақ ашу, қағу және т.б. ұсақ формаларды тұңғыш рет фольклорлық әдеби үлгі ретінде қарастырады. «Аруақпен айтыс» сияқты реликтілік мұра-құбылыстарды іздеп тауып, жариялайды. Жалпы бұл мақала-очеркте баяндалған теориялық және практикалық қағидат-тұжырымдар, біздіңше, күні бүгін де өзектілігін жойған жоқ. Өйткені ғалым-фольклорист В.В.Радлов, Ә.Диваев, Ы.Алтынсарин, Г.Потанин, Лютш, т.б. зерттеушілер жариялаған мұралармен бірге, Түрк республикасының Қазақ-қырғыз Ғылыми комиссиясы экспедицияларының Жетісу және Сырдария облыстары бойынша жинақтаған қолжазба материалдарын түгелдей сүзіп шыққан. Осылайша телегей-теңіз мол мұраға алғаш рет тұтас дүние ретінде қарап, жинақты, түйінді көзқарас қалыптастыруды мақсат тұтады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін 46 түрге, тармақ-тарамға бөліп, жіктеп, яғни қазақ фольклорлық мұраларының «халелдік классификациясын» түзеді. Жетпіс жыл бойы жұрт көзінен жасырылып, әдеби айналысқа түспеген «халелдік классификация» бүгінгі әлемдік түркітану мен фольклористика жетістіктеріне иек арта отырып арнайы талдап, тарқатуды қажет етеді.

Х.Досмұхамедұлының баспагер-редактор ретіндегі еңбегі де – арналы сала. Оның әдеби-мәдени мұраға деген ерекше көзқарасын, Ығылмандай ақындарды, Ә.Диваевтай жидашыларды жеке қамқорлыққа алуын, мәтіндерге текстологиялық зерттеу жүргізуі мен ғылыми түсініктер жазу әдістемесін алдағы уақытта кеңінен сөз етеміз. Осы тұста тек баспагер-ғалымның құрастырушы,

редактор, «дұрыстаушы» (өз сөзі), «түзетуші», ғылыми комментатор ретінде Абайдың таңдамалы өлеңдерін (Ташкент, 1922), «Кенесары-Наурызбай» (Ташкент, 1923), «Мұрат ақынның сөздері. Бірінші бөлім» (Ташкент, 1924), «Исатай-Махамбет. Бірінші бөлім» (Ташкент, 1925), «Терме» (Ташкент, 1925), «Аламан. Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер» (Ташкент, 1926) сынды жинақтарды құрастырғанын және олардың қай-қайсысының да қазақ мұратануында өзіндік орны барын айта кеткіміз келеді.

Орны толмас өкініш (қорытынды сөз)

Өрине, дәрігер, қоғам қайраткері һәм ағартушы-ғалым ретінде қазақ тарихына өшпестей болып аты жазылған Х.Досмұхамедұлының өзіне көзі тірісінде-ақ қойып кеткен мәңгілік ескерткіші – оның келер

ұрпаққа аманаттап кеткен ғылыми-мәдени мұрасы. Осы тұста «проф. Х.Досмұхамедұлының ғұмыры ұзақ болғанда (яки зорлықпен өлтірілмегенде), сол ғұмырында тек ғылыммен айналысқанда – қандай биік жетістіктерге, шыңдарға жетер еді» деп қиялдайсың. Тіпті жазықсыз өмірі қиылғанның өзінде рухани мұрасына қиянат жасалмағанда, яғни 1989 жылға дейін аты аталмай, еңбектері ғылыми айналысқа түспей, өртеліп, өшіріліп келгені қандай обал-өкініш... Осындай ғұламаның мұрасын игермеген, одан әрі дамытпаған төл ғылымымыз – қазақтанудың (түркітанудың) жолы қандай ауыр, жалтыр-жадағай... Қалайша сол бір басты да кескен, тілді де кескен заманға өкпе айтпассыз?! Сондықтан да А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбайұлы және т.б. сынды ғұламаларымыздың атын ардақтау, еңбегін ұлықтау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу біздің қасиетті борышымыз болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы // Ақ жол. – 1923. – 4 февраль.
2. Аламан. – Алматы, 1991.
3. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – Ташкент, 1924.
4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Ана тілі, 1998.
5. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Р-34 қор, 1-тізбе, 1188-іс; 2119-іс; 1593-іс.
6. Сана. – 1923. – №1. – 123-127 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Табиғаттану. I бөлім. – Ташкент, 1922. – 112 б. (суреттер беттелмеген, оның саны 96).
8. Досмұхамедұлы Х. Адамның тән тірлігі. – Қызылорда, 1927. – 303 б.
9. Досмұхамедұлы Х. Шәкірттер саулығын сақтау. – Ташкент, 1923. – 20 б.; Досмұхамедұлы Х. Оқушының саулығын сақтау. – Ташкент, 1925. – 23 б.; Қызылорда-Мәскеу, 1928. – 229 б.
10. а) Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. I бөлім. Сүйектілер хақында. – Ташкент, 1922. – 200 б.; – Қызылорда-Мәскеу, 1928. – 229 б.
ә) Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. II бөлім. – Ташкент, 1922. – 130 б.; – Қызылорда, 1926. – 111 б.; Қызылорда, 1928. – 112 б. б) Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. III бөлім. – Ташкент, 1926. – 256 б.; 2-басылуы. – Қызылорда, 1927. – 176 б.
11. Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. III бөлім. – Ташкент, 1926. – 4 б.
12. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – Ташкент, 1924. – 53 б. (Бұл еңбек алғашында «Шолпан» журналында, оның №№1, 2-3, 6-8 сандарында жарияланды.)
13. Досмұхамедұлы Х. Диуани луғат ат-түрк // Шолпан. – 1923. – №6-8. – 19-29 б.
14. Мұрат ақынның сөздері. Бірінші бөлім. – Ташкент, 1924. – 152 б.; Исатай-Махамбет. Бірінші бөлім. Ташкент, 1925. – 161 б.; «Терме» жинағы (Тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан терме). №1. – Ташкент, 1925; Аламан. Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер. – Ташкент, 1926. – 187 б.
15. Казахская народная литература (Доклад, прочитанный в кабинете казахского языка при Казахском педагогическом институте) // Год работы Казахского высшего педагогического института. – Ташкент, 1928. – 49-79 б.


Ғарифолла ӘНЕС (Алматы/Қазақстан)

Филология ғылымдарының докторы, «Арыс» қорының президенті

Garifolla ANES (Almaty/Kazakhstan)

Doctor of Philology, President of the "Arys" fund





**Бекир Чобан-задениң туғанына
120 жыл**

-

Bekir Choban-zade – 120 years





BEKİR ÇOBANZADE’NİN BEDİİ MİRASI



Bekir Çobanzade, Türklüğün şaheseri Divanu Lugati’t-Türk yazarı Kaşgarlı Mahmut’tan ve Rusya Bilimler Akademisinin Demidov ödülünü dört kez kazanan Mirza Kâzımbey’den sonra Türk dilciliğinin en ünlü ismidir. 1915’ten hayatının sonuna kadar dil tarihi, karşılaştırmalı dilcilik, gramer, imla, alfabe, pedagoji, diyalektoloji, terminoloji ve diğer konularda yazdığı 300 civarında bilimsel eser, bugün de güncelliğini ve önemini korumaktadır.

Bir bilim adamı olarak Bekir Çobanzade’nin sahip olduğu temel özellikler şunlardır: 1) Son derece yetenekli ve zeki bir insandı. 2) Bilimsel uğraşı alanına bütün Türk dünyası dahildi. 3) Avrupa standartlarında yetişmiş ilk dilcimizdi. 4) Mükemmel derecede Türkçe, Arapça, Farsça, Rusça, İngilizce, Almanca ve Macarca biliyor ve bu dilleri ustaca kullanıyordu. 5) Yaşadığı ağır ve karmaşık dönem bir bilim adamı olarak parlamasına elverişli ortam oluşturmuştu.

Bekir Çobanzade fenomeninin diğer bir yönü onun aynı zamanda yetenekli bir şair ve yazar olmasıdır. Edebî bin milli şiirleri ve duygulu hikâyeleri, edebiyat üzerine özgün düşünceleri bilim dünyasında maalesef yeterince bilinmemektedir.

Bekir Çobanzade’nin ilk şiirinin ne zaman basıldığı da kesin olarak bilinmiyor. Bazı araştırmacılara göre Anan Nerede? adlı ilk şiiri 1913’te İstanbul’da neşro-

lunan Yaş Tatar Yazgıçları mecmuasında çıkmıştır [1]. Budapeşte’de 1919-20’lerde kaleme aldığı şiirlerini üç deftere yazmış ve onlara Kaval Sesleri adını vermiştir [2]. Bazı şiirlerini İstanbul’da yaşayan akrabası Hamdi Ataman’a göndermiş, çok az bir kısmını çeşitli dergilerde, o cümleden Gök Kitap’ta [3] ve Kırım Mecmuası adlı şiir antolojisinde [4] bastırmıştır. Tatar aydınlarının Romanya’da çıkardıkları Emel dergisinde birkaç şiiri basılmıştır [5].

Bekir Çobanzade hayatta iken Boran adlı küçük bir şiir kitabı ışık yüzü görmüştür [6]. Edip, buradaki şiirlerini Şair ve Hayat adlı iki bölüm halinde sunmuştur. Bundan sonra uzun süre hiç bir şiir kitabı basılmamıştır. 1955’te Abdullah Battal Taymas tarafından hazırlanan Kırimlı Bekir Çobanzade’nin Şiirleri adlı eserde [7] şairin bazı şiirleri verilmiştir.

1971’de Taşkent’te Gafur Gulam edebiyat ve sanat neşriyatınca basılmış bir kitapta [8] iki Tatar şairinin şiirleri toplanmıştır. Eşref Şemizade’nin tertip ettiği Bekir Çobanzade kısmında, sunuşla birlikte Çobanzade’nin 14 şiiri, Şamil Alad-din’in tertip ettiği Abdulla Letifzade kısmında ise A.Letifzade’nin 11 şiiri yer almıştır. Bu küçük kitap adları ve eserleri 1937’den beri yasaklanmış iki ünlü şairin yeniden Tatar ve ortak Türk edebiyatına kazandırılması bakımından çok önemlidir. Son dönemde

Bekir Çobanzade'nin Kırım'da yayınlanan çeşitli gazete ve dergilerde de bazı şiirleri çıkmıştır.

Şairin en iyi, en kapsamlı kitabı İsmail Otar'ın tertip ettiği Kırmılı Türk Şair ve Bilgini Bekir Sıdkı Çobanzade kitabıdır [9]. 1999'da İstanbul'da basılan bu kitapta onun elde bulunan bütün şiirleri ve hikâyeleri hem Tatarca, hem de Türkçe tercümelemleri ile birlikte verilmiştir. Kitaba edibin geniş biyografisi, eserlerinin bibliyografisi, hakkında yazılan makalelerin listesi eklenmiş, sonda ise küçük bir lügat, ayrıca şiirlerinin Arap alfabesiyle orijinallerinin suretleri sunulmuştur.

2007 yılında Azerbaycan Milli Bilimler Akademisine bağlı Muhammed Fuzuli Elyazmalar Enstitüsü, Bekir Çobanzade'nin eserlerinin 5 ciltliğini neşrettirmiştir [10]. Tabii ki, buraya onun ancak ilmî eserleri dahil edilmiştir. O dönemde Çobanzade'nin bedii eserlerini neşre hazırlamak bizde hâlâ düşünce aşamasındaydı. Eğer bu teşebbüsten haberdar olsaydık, o zaman şairin bedii eserleri 6. cilt olarak basılabilirdi.

Bekir Çobanzade'nin en son kitaplarından biri Kırım'da Kiril alfabesiyle basılan Bir Saray Kuracak Men kitabıdır [11]. Biz bu kitabın e-varyantını elde etmek için bir hayli çaba harcadık, ancak Kırım'dan bunun için 200 dolar para talep ettiler. O zaman biz facebooka bu konuda haber koyduk. Türkiye'de oturan onlarca Tatar bu parayı ödemek için hazır olduğunu bildirdi. Daha sonra Bilkent Üniversitesi öğretim üyesi Prof. Dr. Hakan Kırmılı kitabı bize postayla gönderdi. Burada değerli hocama teşekkürümü iletmek istiyorum.

2003'te Kırım'da basılan son kitabında şairin 18 şiiri hem Tatarca, hem de Rusça bir arada verilmiş, Çobanzade üzerine küçük bir sunuş yazılmıştır [12].

Şu anda bilim alemine Bekir Çobanzade'nin toplam 84 şiiri malumdur. Aslında, onların sayısı bundan defalarca fazla olmalıdır. Şüphe yok ki, şairin muhtelif arşivlerde gizli kalan başka eserleriyle birlikte şiirleri de er geç gün yüzüne çıkacaktır.

Bekir Çobanzade'nin şiirlerini tematik yönden tasnif etmek zordur ve belki mümkün de değildir. Kırım'a, yurda duyulan sonsuz sevgi ve özlem, Tatarların acınacak durumu şiirlerinin hemen hemen hepsine yansımıştır. Burada ayrıca aşk ve doğa şiirleri varsa da bunların hepsi Kırım, Tatar, yurt motifleriyle iç içedir. Biz Azerbaycan Türkçesine uygunlaştırdığımız 73 şiirdeki Kırım, Tatar ve yurt sözlerini bilgisayar sayımına tabi tuttuk. Çobanzade'nin 73 şiirinde Tatar sözünü 99 defa, yurt sözünü 56 defa, Kırım sözünü 11 defa kullandığı ortaya çıktı.

Şair bu şiirlerinde genel olarak çok karamsardır. Tatarların esaret altında inlemesi, zulüm ve sömürü onu son derece üzüyor. O, "Yok milletimin hattı bu imzalar içinde" diyen Azerbaycanlı meslektaşısı Muhammed Hadi gibi sızlanıyor:

Milletler yarışı başladı çoktan,
Her halkın var orda beygiri, atı,

Zavallı Tatar'ın duyulmaz sesi,
Zavallı Tatar'ın yok orda adı.

Bu karamsarlık bazen şairin bütün varlığını sarsıyor, onu çok derin ruhi bunalıma sürüklüyor:

Yıl uzun, son günü soğuk bir mezar,
Yeni yıl yok bize, çünkü biz: Tatar.

Tatar halkının manevi çöküşü, çağdaş uygarlıktan uzak kalışı, uyuşukluğu ve aczi Çobanzade'yi çığına çeviriyor:

Tatar'ım, sapsarı halkımın beti,
Kanı su olmuş da, çürümüş eti...

Dinç Tatar çölüne kuraklık yağır,
kan gerektir, kan!

Burda herkes koyun, tavşan, ya sığır,
hani bir arslan?

Çobanzade taşarak setlerini yıkan Tuna ırmağına hitaben yazdığı bir şiirinde Tuna gibi kükremek, Tatarların karşısındaki bütün setleri yıkmak arzusunu dile getiriyor:

Keşke senin gibi ben de köpürsem,
Tatar'ın seddini yıkıp götürsem.

Şair ara sıra Tatarların, Türklerin şanlı mazisini, tarihin derinliklerinde kalan azamet ve ihtişamını hatırlayarak o günlerin özlemiyle yaşıyor. Mesela Zavallı Türk şiirinde şöyle diyor:

Sen ey zavallı Türk, ey bahtsız millet,
Gün gelir, yıldızın parlayır, elbet.

Yabancı eline düştü sarayın,
Karardı, silindi yıldızın, ayın.

Şair sık sık hayale dalıyor, Cengiz'i, Batu'yu, Timur'u arzuluyor; uzaktan nazlı Tatar kızlarıyla ordu halinde, nizamla gelen atlıları görüyor, fakat bu atlılar bir türlü gelip çıkamıyorlar. O zaman "Gelsinler, kabrimin etrafına dolansınlar" diyor:

Siz o zaman yiğitlere söyleyin,
Mezarımı dolansınlar, bakarım!
O kızları ben bekledim, ben sevdim,
Dolansınlar, belki birden kalkarım.

Geliyorlar adlı şiirinde bu hisler sonsuz bir heyecanla tasvir ediliyor. Adam bu şiiri okurken neredeyse atların ayak seslerini, kişnertisini, yiğitlerin narasını işitiyormuş gibi oluyor:

Tarihe, gölgeye kişniyor atlar,
Nalından kıvılcım çiliyor atlar.

Bu gün gelecekler, yoksa ki yarın,
Yolda işleri var belki onların?

Onlar gelene dek atın belinde,
Ben ölüp giderim tavşan yılında.

Onları izledim gün batana dek,
Onları gözledim tan atana dek.

Dostlar, beni gömün yolun altına,
Nerde ki, su verir yiğit, atına.

Kabrimin üstünde dursunlar bir az,
Çevremde atları yorsunlar bir az.
Onun şiirlerinde Türk-Tatar halklarının, Çerkezlerin
timsalinde milli talihi bizimle bir olan müslüman Kafkas
halklarının birliği vurgulanıyor. (O, Araplara, Farslara
sempati beslemiyor ve şunu saklamıyor). Çobanzade bu
birlik uğruna ölmeye bile hazırdır:

Bu sözlerim çok açık,
Anlar onu balacık,
Yakınıyım herkesin,
Türk'ün, Tatar, Çerkes'in.
Türk'ün, Tatar, Çerkes'in.

Kederli halk, büyük halk!
Ciğerleri körük halk!
Sizden doğdum, sizdenim,
Tarlanızda bir denim.
Tarlanızda bir denim!

Kaygı, sevinç toyumda,
Yalancı yok soyumda,
Buyursanız ölürüm,
Bir yiğitçe ölümle,
Bir yiğitçe ölümle!...

Bekir Çobanzade Türk-Altay dünyasına tek bir yurt
gibi bakıyor. Bir çok şiirinde Kırım'la beraber Kaşgar,
Maçın, Divin ve Budin (Macaristanda şehir ve ova) söz-
leri de geçiyor:

Bir ben kaldım yolsuz, hasret içinde,
Ben Budin'de, kardeşlerim Maçın'de...

Hislerimi Kaşgarlara saçarım,
Yüreğimi her insana açarım...

Eski Tokay meyi, Tatar'ın şiiri,
Divin'den Kaşgar'a geçmeli emri!

Keşke ben bağırısam, sonra kirisem,
Kırım'da, hem Kaşgar'da
'Yurdum' deyip yürüsem.

Bekir Çobanzade sanatında dikkati çeken diğer bir
motif ölümdür. Bu söz onun 73 şiirinde 36 defa geçiyor.
Tatarların ünlü Kaytarma oyun havasından bahseden şi-
irinde şair ölümü bu hava ile özdeşleştiriyor:

Ölüm, atam, anam, kardeşim, sorma,
Bel bele güleşir, oynar kaytarma...

Çal, ölüm, öp, ölüm, oyna, hiç durma,
Bana sen gereksin, bir de kaytarma...

Ölümle dans etsem, üstüme varma,
Gösterim Tatar'a gerçek kaytarma...

Mahşerde siz beni hiç kaldırmayın,
Yanımda surları hiç çaldırmayın.

Ölümü bulurum, rahatsız olma,
Bana ölüm gerek, bir de kaytarma.

Bekir Çobanzade ölümleri de tasnife tabi tutuyor, onun
nazarında sıradan ölüm değil, ille 'yahşi ölüm' makbûldür:
Hak katında yurda şifa dileyin,
Kendinize yahşi ölüm isteyin!

(Ezan Sesi).

Çok olmuş dünyaya gelen ve giden,
Çoğu Azrail'den korkmamış elbet.
Bir yahşi ölümdür eri er eden,
Bir açlık, bir ölüm, bir de muhabbet.

(Student).

Şairin bazı şiirleri mizahi üsluptadır. Ayyaş, Gölgede
Yatana, Su Anası, Kalpak Mahracı, Şehir Uşağı, Meza-I,
Meza-II şiirlerinde Tatarların olumsuz yönlerini hiciv
yoluyla eleştiriyor. Onun Tesadüf (Rast Gele) şiirinde
ise ince hu-mor hissi seziliyor. Şair burada atideki facialı
talihini de sezmiş gibidir:

Korkarım bir sabah düğüne gitsem,
Durup ziyafette yiğitlik etsem,
Bir kurşun mıhlaya enseye gâvur,
Tesadüf, tullaya hendeğe gâvur.

Çobanzade'nin şiirlerinde türkü ve şarkı motifi de
bir hayli kabarıktır. Bu sözler (Tatarcada cır, yır) şairin
şiirlerinde 41 defa geçiyor. Bunlar Tatar'ın yol ve ömür
yoldaşdır. Onun sevinci de, gamı da onlardadır.

Bunların dışında şairin şiirlerinde aşk, hasret, umut,
baht, talih ve sair motifler de gözlemlenmektedir. Tandu
adlı biricik folklorik manzumesinde ise Tatarların yiğit-
liklerinden bahsediliyor.

